



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 50 жыл тұрақты даму жолында

50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.

«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.



КазМұнайГаз



CNPC



Мұнайлы ӨЛКЕ

Газет 2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№03 (55), наурыз, 2014 жыл



ЕРЛІКKE ТОЛЫ

50

ЖЫЛ





«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 50 жылдығы аясында біршама мерекелік шаралар аталып өтті



Алғашқы мерекелік шара - аймақтағы мұнайшы компаниялар арасында ұйымдастырылған шағын футболдан бастады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 50 жылдығына арналған турнирде сексенге жуық кара алтын өндірушілер сәтті командаға бөлініп мықтыларды анықтады. Әр ұжымның жеңіске деген құлшынысы зор болды. Мұнайшылар кәсіпқой футболшы болмаса да, ойын өрнегінен аяқ доп шеберіне тән жігер байқалып тұрды. Әр ойын сайын әдемі голдар соғылып, жақкүйерлер желініп қалды. Жарыс қорытындысында 1-орында «Каспий» ФК, 2-орында «Мобил Сервис», 3-орында «БарсОй» командалары қанжығаларына байлап, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мерекелік шара Қоғамның «қара алтын» игерушілерге тағзым етуімен және ардагер мұнайшыларға сыйлықтар табыстаумен жалғасын тапты.

Маңғыстаудың басты мұнай өндіруші компаниясының елу жылдық тарихы 1961 жылы Жетібай кеңорнында атқан тұңғыш мұнай бұрғағы оқиғасынан басталады. Аймақтың мұнай саласындағы тын серпінісі арқасында жаңа кен орындары ашылып, барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде «Маңғышлақнефть» ірі өндірістік бірлестігі, яғни, қазіргі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ құрылған болатын. Бүгінгі таңда осы кәсіпорын еліміздің мұнай нарығындағы ең ірі компаниялардың қатарында тұр. Осындай зор белдеге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тұңғыш мұнайшылар, барлаушылар арқасында ие болғаны белгілі. Сондықтан 50 жылдық мерейтой мұнайшы ардагерлерге тағзым етумен ашылды.

Сенбі күні, компания басшылығы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның тарихында ерен еңбек еткен ардагерлерді Аман мейрамымен құттықтап, сый-сияпаттарын сыйлады. Оған қоса компания басшылығы қарт қызметкерлерінің жағдайын сұрастырып, мұқтажларын тыңдап, мұнай салына қалай келгені туралы әңгімелеріне қанық болды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының орынбасары Чжен Чэнхуаң айтуынша, бұл кәсіпорынның тұңғыш «қара алтын» игерушілерін ұмыттырмай, қайта, сыйластығын арттыратын маңызды шара болып табылады. «Өздерің білесіздер, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еліміздің мұнай нарығында үлкен роль атқарды. Күніне 17 мың тонна мұнай шығару – аймақ үшін өте жақсы көрсеткіш. Осы жетістіктерге біз тек ардагерлердің тынымсыз еңбегі арқасында жеттік. Оларға құрмет көрсету мақсатында жыл сайын сыйлықтар беріледі, сондай-ақ әлеуметтік көмек ретінде жәрдемқас төленіп, медициналық қызмет көрсетіледі», - деді Чжен Чэнхуаң.

Мұнайшы ардагерлер компания басшылығының келгеніне еш танқалмады. Себебі, бұл жыл сайын қайталанатын құбылыс. «Мұнай салына 1959 жылы отыз жасымда келдім. Оның алдында Гурьевте қызмет еткенім.



Тұңғыш барлаушылардың қатарында болдым. Ардагер деп құрметтеп, Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Аман мерекесімен құттықтап келген компания басшыларына алғысымды білдіремін. Одан басқа да мейрамдарға келіп, жай-күйімді сұрастырып тұрады. Сол үшін үлкен рақмет», - деді ардагер мұнайшы Шалау Нұрғазин.

Одан соң кәсіпорын мерейтойы Ақтаудағы бірқатар ескерткіштерге гүл шоқтарын қою рәсіміне ұласты. Кәсіпорын басшылары ардагерлермен бірлесіп Жалау Мыңбаевтың, Тобанияз Әлиязұлының ескерткіштеріне, «Мәңгілік алауға» гүлдерін қойып, тағзым етті. «Бүгінгі гүл шоғын қою рәсімі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ елу жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып отыр. Қазір бұл мекеме облыстың, республиканың мұнай саласындағы киелі шаңырағы болып табылады. Ардагерлердің, алғашқы барлаушылардың «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның сипірген енебегін ескере отырып жасалған бұл дәстүр жалғасын табуы тиіс», - деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Алтайұлы Иманбаев.

50 жыл мұнай саласында қызмет етіп, өндірістік тұрғыда игеруге атсалысып, сүбеіні еңбек сіңірген ардақты ардагер-мұнайшы Табын Оржанов кәсіпорында бас маман болып қызмет еткен. Гүл қою рәсіміде ол «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-дың 50 жылдық мерейтойымен құттықтады: «Кешегі Отан соғысында ерлік жасағандарға тағзым еттік. Маңғышлақ мұнайын игеруде еңбек еткен қарт мұнайшыларға да құрметімізді білдірдік. Олардың мұнай саласында сіңірген еңбектері жоғары. Біздің қолмен тұрғызған кәсіпорын келешек ұрпаққа қалдырған аманатымыз», - деді ол.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылары, ардагерлер мерекелік шараның соңында облыстық «Бекет ата» мешітіне барып, қаза тапқандардың рухына бағыштап Құран оқыды.

Сейсенбі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 50 жылдық мерейтойын тойлау қарсаңында бірқатар әлеуметтік мекемелердің басшыларына тұрмыстық техниканы алуға мүмкіндік беретін сертификаттар табыстаумен жалғасын тапты.

Бұл ерекше сыйлық барлық мекеменің көңілінен шықты. Алғашқы нысан ретінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылары «Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйінің» тұрғындарымен кездесті. Олар қонақтарды қуанышты жүзбен қарсы алып, көрсеткен ыстық итпінатына ризашылығын білдірді. Ал интернат директоры сыйға тартылған сертификат арқылы қандай техниканы алатынын айтты. «Біздің интернат үйде 106 қарт пен мүгедектер тұратындықтан, жергілікті бюджеттен қажеттілімізге қаражат бөлініп тұрады. Оған қоса компаниялар да ардайым бізге қол ұшын беруге тырысады. Бүгін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 50 жылдығына орай бізге сыйлық сертификатын

тапсырды. Оған интернат тұрғындарына ауа-райының жылуына байланысты салқындатқыш аласақ дейміз. Мекеменің әлеуметтік жәрдеміне шексіз ризамын», - деді интернат үйінің директоры Күләш Қалиева.

Одан соң мекеме басшылары сертификаттарды «Балалар үйі» мен Перинеталдық орталыққа табыс етті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының орынбасары Чжен Чэнхуаң құттықтау сөзінде ел келешегінің тұтқасын ұстайтын бүлдіршіндерге қамқорлық көрсету мекеменің басты парызы екенін атап өтті. «Біздің мекеменің 50 жылдығына орай өлкеміздің ұрпағын тәрбиелеп, дұрыс жолға бағыттайтын «Балалар үйінің» қызметкерлеріне ықпалсымызды көрсету үшін кішіне сыйлықты табыс еткіміз келеді. Бұл сертификаттың арқасында мекеме қажетті тұрмыстық техникасына қол жеткізе алады», - деді ол.

Облыстық перинеталдық орталықтың директоры Жамал Жаманбаева «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ды 50 жылдық мерейтойымен құттықтады: «Бұл мұнай компаниясы облыстық дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қазір еліміздің мұнай саласындағы ең үздік компаниялардың бірі. Онда Маңғыстаудың тұңғыш мұнайшылары, барлаушылары қызмет етті. Осы аталып азаматтардың арқасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 50 жылдық мерейтойын бүкіл облыс бойып тойлап жатыр. Орталығымызға қол ұшын созуға дәір компанияны мерейлі дәтаммен құттықтап, қызметкерлеріне зор денсаулық, жемісті еңбек тілейінін».

Мейірімді шара қорытындысында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік мәселелер және әлеуметтік даму департаментінің директоры Нұрлан Илмұханбетов әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға компания басшылары ардайым жәрдемдесуге дайын екенін және осы сияқты шаралар жалғасын табатынын мәлімдеді.

Ежелгі Каспий қайранындағы құт мекеенің қара алтынын игеріп жатқан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылғанына 50 жыл толу мерекесі мен Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі облысымызда кеңінен тойлануда. Бір айта бұрын бастау алған шара қойнауы құтқа толы Қаламқастағы қос мерекеге ұласты.

Отанымызға Маңғыстаудың мол мұнайын беріп, еліміздің өркендеуіне айшықты үлесін қосып отырған Қаламқас кеңорны бұл күні ерекше құлшырып кеткендей. «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің спорт залының төріне тігілген ақ жұмыртқадай еселсі ағаш үйлер қатарынан келген қос тойдың салтанатын арттыра түскендей. Таң азаннан осы мерейлі мерекелердің қызықтарын тамашалауға ағылған мұнайшылар қатары атыптырмыз кең залдың ішіне сипай кетті. Жарқын мерекелердің айғағындай, сәулетті де сәнді сарайдың төріне орнатылған сахнадағы

музыкалық аспаптардан төгілген ән мен күй Наурыз тойының шаттығын шалқытса түседі.

- Ей, Жарандар, шарандар, Біздің жаққа қараңдар! Еліме Наурыз келді деп, Той дабылын қағыңдар! Той шашуын шағыңдар, Наурыз тойын ашайық.

Маңғыстауда жаңғыртып, Желдіргеме басайық!-деп, жүргізуші жігіт Наурыз мейрамына арналған «Қош келдің, Наурызым!» концертті бағдарламасының шымылдығын ашқанда, жұрттың көңілін желінітіп жіберді.

Ілкі сәттен соң сахна төріне мұнай компаниясының басшылары мен еңбек ардагерлері, құрметті қонақтар көтеріліп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының міндетін атқарушы Чжен Чэнхуаң Қаламқас кеңорнының мұнайшыларын «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылғанына 50 жыл толу мерекесімен және Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесімен құттықтады.

- Бүгін мен үшін өте қуанышты күн, өйткені биылғы жыл біздің компаниямыз үшін ерекше болып отыр. Бұдан 50 жыл бұрын 1963 жылы «Маңғышлақнефть» өндірістік бірлестігі құрылғаны туралы қаулы шықты, - деді. Одан кейін мұнайшыларды құттықтаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев:

- Биылғы мерейлі жылы компаниямыздың өсіп-өркендеуіне орасан зор үлес қосқан Қаламқас мұнайшыларының ерен еңбегін атап өткім келеді. Қаламқас кеңорны 30 жылдан бері дамып, өркендеу үстінде. Осы жылдар ішінде кеңорынның құрылуы мен жаңа қалыптағы мұнайшылар бұнының тәртібелеуде көлемді жұмыстар атқарылды. Білімі мен қорып тиімді пайдаланудың арқасында біздің компаниямыз Қазақстан мен Маңғыстау облысындағы мұнай-газ саласының желілуіне үлкен септігін тигізуде. Өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің тұрақты түрде артуы, ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, мұнай-газ өндіру компаниясы жұмысшыларының жоғары біліктілігі, құрылымдық сервистік өндіріс орындары - біраз жылдар бойы «Маңғыстаумұнайгаз» жұмысын басқалардан ерекшелен келеді. Өрине, бұл жетістіктерге Қаламқас мұнайшыларының қосқан үлесі зор.

Отан қамбасына ағыл-тегіл қара алтын құйып отырған еңбек ұжымымын мерейін көтеріп, көңілін шалқытқан ұлы тойда компания мұнайшылары мен еңбек ардагерлерін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жұмыскерлерінің кәсіподақ ұйымы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Санатбай Масатов пен «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің бірінше жыл басқарып, кеңорын дамытуға айтарлықтай үлес қосқан мұнайшы ағамыз Өрен Сағындықов құттықтап, Қаламқас қалғармандарының алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

Салтанатты жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының міндетін атқарушы





Чжен Чэнху мен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасы мен транспорт департаментінің, маркетинг және мұнай өткізу департаменті мен сату алу және материалдық-техникалық қамту департаментінің, қауіпсіздік қызметінің еңбек озытары «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының 50 жылдығы құрметіне байланысты және адал еңбектері үшін Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен, «CNPC International (Kazakhstan) Ltd» компаниясының Құрмет грамоталарымен және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жарты ғасырлық торқалы тойына арналған төсбелгілерімен марапаттады.

Мұнайшыларды мараптау рәсімі Наурыз мейрамына арналған «Қош келдің, Наурызым!» концерттік бағдарламасына ұласып, жергілікті өнер жұлдыздары әсем ән, тәтті күймен алқалған әлеуметтің құлақ құлашын қандырды.

Жарты ғасырлық торқалы той мен Ұлыстың ұлы күні қатар тойлан отырған Қаламқас мұнайшылары «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мердігер компаниялары - «Ойл Транспорт Корпорейшн», «Ойл Контракшн Компани», «Ойл Сервис Компани», «Маңғыстауэнергомұнай» және «Мұнай-телеком» кәсіпорындарының басшылары мерейлі мерекелерімен құттықтады.

Мерекелік құттықтаулар тағы да ән мен күйге жалғасып, Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театрының әртістері сахнада «Наурыз» атты театрландырылған қойылымын тойшы қауымның назарына ұсынып, қалың көпшілікке «Башарме» шашу шашты.

Ақшанқан киіз үйлерге дастархан жайылып, мал сойылып, ас тартылып, еңбек ардагерлері мен контракта, мұнайшыларға үлкен құрмет көрсетілді.

Ұлыстың ұлы күні мен мұнайшылардың торқалы тойын мерекелеу кір көтеру, күш сынасу, бағанаға өрмелеу, күрес сияқты спорттың бұқаралық түрлеріне ұласып, Қаламқаста кенінен дүбірленіп өтті.

Ұлы мереке, ұлы той

Бұл күндері қойнауы құтқа толы «майлы киян» - Маңғыстауда ұлан-асыр той. Қазыналы түбегіміздің мұнайының ордасы - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының 50 жылдық мерейтой! Құт өлкенің қойнауынан алғаш қара алтын алған Маңғыстау мұнай алыбының шаңырақ көтергеніне жарты ғасыр толу мерейтойына арналған жиналыс пен мерекелік концерт Ұлыстың ұлы күні, 20 наурызда Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театрының үлкен залында салтанатты жағдайда ашылды. Салтанатты жиналысқа облыс әкімі А.Айдарбаев, облыс әкімі аппаратының басшысы А.Рзаханов, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының оңдиршу операциялық активтері бойынша басқарушы директоры Т.Бимағамбетов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры С.Синионов, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Б.Иманбаев, құрметті контракт мен ардагер мұнайшылар, еңбек озытары қатысты.

Мерейлі мерекеле сахнадағы экраннан Маңғыстау мұнайшыларының ерік істері

туралы деректі фильм көрсетіліп, «Жорға» би ансамблінің орындауында хореографиялық қойылым құт өлкенің қойнауынан қара алтын өндірген мұнай майталмандарының жасампаздық еңбегі жөнінде «сыр шертті».

Мұнайшылардың торқалы тойының шымылдығы Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылып, еліміздің асақ әні аспанға қалықтады.

Салтанатты жиында облыс әкімі А.Айдарбаев кірісе сөз сөйлеп, мұнайшыларды мерейлі мерекелерімен құттықтады.

- Баршаныңды Ұлыстың ұлы күні- Наурыз мерекесімен және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының 50 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! - деді Алик Серікұлы.

- Бұдан елу жыл бұрын Жетібай кенорында алғашқы мұнай фонтаны атқалды. Елімізде жана мұнайлы өлке пайда болды. Содан бері өлкемізде көптеген мұнай және газ өндіретін кәсіпорындар құрылып, табысты қызмет атқарып келеді. Сол кәсіпорындардың барлығының тұпқазығы - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы. Оолыстың дамуында оның алатын орны ерекше. Тағдырын «қара алтынды» өндіруге арнаған мыңдаған мұнайшылар үшін бұл атаулы күнің маңызы өте зор.

«Елу жылда ел жаңа» дейді халқымыз. Елу жыл дегеніміз бүтін бір кезең, тарихтың елеулі кезеңі. Осы кезеңде компания киян да өсіріп мұндай жүріп өтіп, өлкенің мұнайгаз оңдиршу саласының шыңына шықты.

Сіздермен бірге осы компанияда жұмыс жасағаным мен үшін зор мақтаныш. Бүгінгі мерейлі мерекелік қуаныштарыңызға ортақпын!

Ұжымға еңбекте табыс тілеймін! Барлық жоспарларыңыздың жүзеге асуына тілектеспін! Компанияның әрбір қызметкерінің отбасында береке мен молшылық болсын! Бұдан кейін Алик Айдарбаев мұнай майталмандарын облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапаттады.

Мерейлі мерекеле күні ертең 80 жасқа толғалы отырған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ардақты ардагері, Маңғыстау мұнайын әлемге паш еткен алғашқы мұнайшылардың бірі Жолдас Тожжанов сахнаға шақырылып, облыс әкімі атынан шапан сыйға тартылды.

Салтанатты жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Б.Иманбаев баяндама жасап, қойнауына құт қонған өлкенің мұнайын игеру тарихымен, Маңғыстау мұнайшыларының ерен еңбегімен, жасампаздық істерімен және жарқын болашағымен таныстырды.

- Біз бүтін өлкеміздің мұнай өндірісінің қарашаңырағы саналатын «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының 50 жылдық торқалы тойын атап өту мақсатында жиналып отырмыз. Күн мен түн теңеліп, көгілдір көктеммен қауыштырған Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келген мерейлі мерекемен баршаныңды да құттықтауға рұқсат етіңіздер! - деді Бақыт Алтайұлы. - Бүгін осы залда Маңғыстау жер асты байлығының ашылуына, түбекте мұнай өндірісінің қалыптасуына атсалысқан, есімдері еліміздің тарихына енген тірі тарих куәлері - аталарымыз, аға-аппаларымыз отыр. Сіздерге зор рахметімізді айтып, ел үшін атқарған ерен еңбектеріңіз үшін

бас иеміз!

Жарты ғасыр жасаған кәсіпорнымыз осынау данқты күнге дейін ерік пен еңбекке толы елу жылдық үлкен белестен жүріп өтті. Кәсіпорнымыз өткен тарихына көз жіберсек, көп сырларға қанығып, бірталай шежірелі парактарың куәсі боламыз.

Маңғыстау мұнайының игерілуі, «қара алтынның» халық игілігіне жаратылуы оңайлықпен жүзеге асқан жоқ. Орталықтан жырқа орналасқан, елсіз, суысз өңірін мұнайын игеру туралы идея да өз-өзінен келмеген-лі. Бұл жолда академик Қаныш Сәтбаев, Дінмұхаммед Қонаев, Нұртас Оңдасынов, Шанмардан Есеновтан бастап, қаншама «елім, жұртым» деген жүздеген мыңдаған адамдар жан аямай еңбек етіп, күңдіз-түңі өлшеусіз тер тоғуға тура келді. Бүгінде біз сол төгілген маңдай тердің жемісін

болып тағайындалды.

Сол кезеңде Жетібаймен қатар Өзенде де мұнай және газ кенін бұрғылау жұмыстары екпінді жүргізіліп жатты. 1961 жылдың 5 қантарында Ғазиз Әбдіразақовтың бригадасы 367,5 метр тереңдіктен тұңғыш рет ашық табиғи газ бұрқағын атқылды. Бұл бұрқақ Өзен кенін игерудің бастамасы болды. Ғазиз Әбдіразақовтың бригадасының құрамында Таңбай Қойшыбаев, Шертай Ережепов, Жұмажан Мусинов, Дегбір Болтеков, Бітім Қадірбаев сияқты бұрғышылар болды.

Ал Жетібай мұнай барлау экспедициясының басшылық құрамында Р.Сағандықов, Х.Бейсейітов, А.Аяғанов, С.Қаңлиев, Л.Еңсегенов, Б.Бошенов, А.Бөлекбаев, Н.Нуржанов, М.Жолболдин, мұнай барлауды қаржыландыру ісінде Жанбырбай Лұқпанов қызмет атқарды. Экспедицияның бастауын



теріп жеп отырмыз.

Өздерің білесіздер, өткен ғасырдың 50-жылдарының аяқ шенінен бастап Маңғыстау мұнайын игеру бағытында нақты қаламдар қолға алына бастады. 1951 жылы КСРО Мұнай өнеркәсібі министрі Николай Константинович Байбаковтың бұйрығымен еліміздің ең алғашқы мұнай инженерлерінің бірі Сафин Өтебаев «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бастығы болып тағайындалды. Сол жылы Маңғыстауда тұңғыш рет геологиялық мұнай барлау партиясы жіберілді. Осы партияның басшысы Ожақай Бегалиев пен бұрғылау шебері Дүмбай Нұрболғанов 1951 жылы Түбік жерінде мұнай көзі бар екендігін анықтады. Бұлар - тусыраған өлкеге тыннан түрен салған мұнай барлаушылардың тұңғыш қарлығаштары еді. Осыдан кейін түбекті игеруге Атыраудың Жылыой өңірінен бірнеше дүркін мұнай барлаушылар партиясы жіберілді. Маңғыстауда үй іші, отбасыларымен көшіп келген бұрғышылардың қатарына Дүйсен Үсенов, Хасан Тәжіев, Базар Есмүрзин, Бақытжан Есенғалиев, Салық Рысқалиев, Төлеген Құрманов, Петр Шамрай, Қалыр Қожахметов, т.б. ел азаматтары болды.

1957 жылы 8 сәуірде Оңтүстік Маңғыстау ауданында мұнай мен газ кенорындарын анағұрлым тереңдетіп, егжей-тегжейлі зерттеу үшін «Маңғыстаумұнайгазбарлау» («МНГР») тресі құрылды. «Қазақстанмұнай» өндірістік бірлестігінің бастығы С.Өтебаевтың бұйрығымен трестің ең алғашқы басқарушысы Орманбай Бердіғожиң, бас инженері Бақытжан Есенғалиев, бас геологы Валентин Токарев

партия комитетінің төрағасы Мұстах Құсайынов, кәсіподақ комитетінің төрағасы Мантық Төлеуғалиев, заңгері Шамсудинов болды.

Қасиетті Жетібай жері бір жарым ғасыр бойы аңыз болып келген Маңғыстау мұнайын ақиқатқа айналдырды. Ақыры Маңғыстау мұнайының ашылған күні тарихта алтын әріптермен жазылып қалдырылған 1961 жылдың 5 шілдесі де келіп жетті. Нақ сол күні түнгі сағат 2-ден 40 минут өткенде бұрғылау шебері Бисенғали Бөжіковтің вахтасында Николай Петровтың бригадасы бұрғылап жатқан №6 ұңғыдан Маңғыстаудың алғашқы өндірістік мұнай бұрқағы аспана атқалды. Б.Бөжіковтің бұл вахтасында бұрғылау шеберінің өзінен басқа оның көмекшісі Найзабек Толтырбаев, жоғары істейтін жұмысшы Борис Сүлейменов, дизель-мотористің көмекшісі Ермұхан Тұржановтар болды. Маңғыстау мұнайының бастау-бұлағы осы күн болды. Тарих парактарында алтын әріптермен жазылған ерен еңбектері үшін ағаларымызға басымызды иіп, тағзым етеміз!

Ергесіне - 6 шілдеден бастап бұрқақты ауыздықтау жұмыстары басталды. Бұл арпалысқа толы жұмыс үш күнге созылды. Бұрқақты жабу жұмысына айнабай атсалысқандардың қатарында Бисенғали Бөжіков, Сабырбай Шонтыбаев, Кемелхан Берікбосынов, Бідан Қалиев, Жолдас Тожжанов, Қалыр Қожахметов, Әбілхайыр Жақсымбетов, Оңғар Қабжанов, Қайып Азанбаев, Шәкірт Саханов, Сайлаубай





Смағұлов, Қалабай Қыстаубаев, Найзабек Топтырбаев, Кесікбай Науанов, Төлебек Өмірбаев, Аймағанбет Өлиев, Кесікбай Өтегенов, Сергей Левшицкий, Омар Бұқабаев, Михаил Жуковский, Фатих Қыянов, Өнетбай Жақыпов, Нұрмахан Қанатбаев, Жосалы Қыстаубаев, Ізтұрған Сүйіндіков, Атабай Төрөмұратов, Сабыр Бисенов, Ермұхан Тауғанов, Самен Нұрқасанов, Дәріш Токжанова, Тұрмұхамбет Кенесбаев, Қожаммет Қалдыбаев, Итқұмбай Байжанов, Рүстем Жұзаев, Мұхтар Ералиев, Жігер Мұқатов, Петр Шамрай, Қангөре Қуанышбеков, Леонидас Керулис, Санатбай Масатов, Жәу Әліев, Төлесін Өмірбаев, Мырзабек Оңалиев, Атыраубай Аяғанов, А.Нұрғалиев, Байжанов, Боппылов, т.б. болды. Олар әрбір 15-20 минут сайын ауысып, қызу 60 градусық ыстық мұнай бұрқанының астына түсіп отырды. Ақыры Ресейдің, Өзбірайжанның апат бірпадалары келіп жеткенше маңғыстаулық бұрғышылар техниканың күшімен сумен, аргеташтың фонтанды жуып, ауыздықтады. Бұрқаны жабу барысында барлық техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі шаралары қатаң сақталды. Артынан осыған көз жеткізген жоғарыдан келген мамандар маңғыстаулық мұнай барлаушылардың өте сауатты да сабырлы қимылдарына қайран қалып, бас шайқады. Бұл да Маңғыстау мұнайшыларының кайсер мінсізділігін танытты!

Сөйтіп, Маңғыстау мұнайы тарихының бастау бұлағы болған Жетібай мұнай-газ конденсат кені ашылды. Осынау ұлы оқиға Маңғыстау өмірбаянының жаңа, жарқын беттерінің ашылғанының белгісі болды. Осыдан кейін аймақтың өнеркәсібін кең масштабта игеру басталды.

Өндістік Маңғыстаудың бұл жылдың өнеркәсіптік игеру мақсатында 1963 жылдың 27 қарашасында Батыс Қазақстан Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы С.Өтебаевтың №280 арнайы қаулысымен мемлекеттік кәсіпорн – «Маңғыштау» («Маңғыстау мұнай») өндірістік бірлестігі құрылды. Осылайша қазіргі «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының алғашқы іргетасы қаланды. Кәсіпорнның бас директоры болып Степан Федорович Чеплаков, бас инженерлігіне Николай Сомыльников, бас геологына Ашот Дурмишян тағайындалды. Жаңадан құрылған мекеменің басшылық құрамында қазақ ұлттан бірлестік бастығының орынбасары Өтеп Балғымбаев, бас есепші Адайбай Жы, жоғарылау бөлімінің бастығы Темірхан Сарбопін, жергілікті жерден шыққан тұңғыш бас энергетик Қалабай Төлегенов, белгілі геолог-мұнайшылар Рахмет Өтегенов, Табын Оржанов, Сахи Әкімбаев, Жалғас Өйтегенов, Алым Жаңбыршин, Айтым Құсайынов, Отепкали Тажигалиев, Баймұрат Дүйсеғалиев, Сәлімжан Асылханов, Роза Асылханова, т.б. аға-апаларымыз қызмет етті.

Кейін көркейіп, дами келе акционерлік қоғамға айналған бұл бірлестікке әр жылдары Сафи Өтебаев, Виталий Иосифович Тимошин, Александр Алексеевич Дергачев, Нұрхалық Өтеулы Бекбосянов, Ләззат Кеттебайұлы Қыянов, Несіпқали Әбуғалиұлы Марабаев, Меңдеш Халелұлы Салхов, Сағын Еркасұлы Қырымқұлов, Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин, Мұрат Ізбергенов, Құрбанбаев, Алик Серікұлы Айдарбаев, Әсет Маратаұлы Мағауов басшылық қызмет атқарса, бүгінгі таңда Сунь Синьюнь жетекшілік етуде.

Уақыт өткен сайын компанияның даму динамикасы да үздіксіз өсу үстінде. **Кәсіпорн 2013 жылы 6 миллион 76 мың 840 тонна «қара алтын» өндірі. Яғни жоспардан тыс 76 840 тонна мұнай артық өндірілді.**

Бұл кәсіпорн қазір республика экономикасының жетекші мұнай өндіруші компаниялары қатарында, республиканың мұнай нарығындағы ең ірі бес компанияның бірі. Елімізде өндірілетін мұнайдың үштен бірі бөлігі осы Қазақстанның батыс аймағындағы мұнай компанияларының үлесіне тие, соның ішінде бір бөлігіне және «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамына тиесілі. Яғни компания аймақтағы мұнайдың 31 пайызын, ал республика бойынша 8 пайызын өндіреді. Жалпы, «Маңғыстау мұнайгаз» компаниясы өзінің жарты ғасырлық тарихында 214 миллион тоннадан астам мұнай өндірі.

Акционерлік қоғам қарамағанды 15 мұнай және газ кен орында «қара алтын» қарқынды түрде өндіреді. 2013 жылы «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ өндірген мұнайдың көлемі 6 миллион 76 мың 840 тонна. 2014 жылы «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ ұжымы мұнай өндірудің 6 миллион 150 мың тонна менесіне алға алып отыр.

Ардақты ардагер ағалар, кадрлі мұнайшылар! Сіздерді және Сіздер арқылы барша мұнай саласының ардагерлері мен қызметкерлерін қатар келген көз мерекесі – Наурызбен және «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының 50 жылдығымен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен қуаныш тілейміз!

Маңғыстау мұнайының киелі қара шаңырағының мәртебесі биіктеп, өңірміз өркендеп, Тәуелсіз Қазақстанымыз күн санап көркей берсін дегім келеді! – деп, ақ тілегім аяқтды сөзін Бақыт Алтайұлы.

Мерейлі мерекесі мұнай компаниясының басшысы Сунь Синьюнь өндірістің өркендеуге көмдеу жасап отырғаны үшін облыс басшылығы мен еңбек ардагерлеріне, акционерлер мен еңбек ұжымына алғыс білдіріп, кәсіпорнды жаңғырту бағыттарымен таныстырды.

Бұдан кейін Сунь Синьюнь мен Бақыт Иманбаев еңбек озаттары Маңғыстау облысының мұнай-газ кешенінің дамуына қосқан үлестері мен «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының 50 жылдығы құрметіне орай «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ құрылғанына 50 жыл» мерекелік төбелестерімен және алғыс хаттармен марапатталды.

Мұнайшылардың торқалы тойында «ҚазМұнайгаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіруші операциялық активтері бойынша басқарушы директоры, «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамы директорылар кеңесінің төрағасы Тимур Бимағамбетов еңбек ұжымын мерейлі мерекелерімен құттықтап, өндіріс майдандарына Ұлттық мұнай компаниясының Құрмет грамоталарын тапсырды.

Мерекелік құттықтауларды «CNPC International (Kazakhstan) Ltd» компаниясының өкілі Пэй Чаншэнг жалғастырып, үш еңбек озатына компанияның Құрмет грамоталарын табыс етті.

Марапаттаулар барысында «KAZENERGY» қауымдастығының бас директоры Әсет Мағауов мұнайшыларды мерейлі мерекелерімен құттықтап, мұнай саласы үздіктерін қауымдастықтың Құрмет грамоталарымен марапаттады.

Сонан соң «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ ардагері Табын Оржанов еңбек ұжымын торқалы тойымен құттықтап, компанияның алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

Санаттағы жылында Н.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Сайлау Жылқайдаров та мұнайшыларды мерекесімен құттықтап, «Маңғыстау мұнайгаз» компаниясының басшыларына ескерткіш кітаптар сыйлады.

Мерекелік марапаттау шерулері «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының «Жетібай мұнайгаз» өндірістік басқармасының №1 мұнай және газ өндіруші операторы, «Отан» орденинің иегері Бағи Қарамұрат пен «Қаламқас мұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнай дайындау және беру цехының аға механигі Оразбай Құдайбергеновтің мұнайшыларды құттықтауларына ұласты.

Мерейлі мерекесі құттықтаулар мен жеделхаттар оқылып, қазақтқ ұлттық мұнайшылар киген қыздар ардагер мұнайшыларға компания тарихы, мұнайы ағалармыз бен апаларымыздың жүрші өткен жетістік жылдары туралы сыр шертетін кітаптарды тарту етті.

Маңғыстау мұнайы қара шаңырағының жарты ғасырлық торқалы тойына арналған салтанатты жиын соны концерттік шараға ұласып, алыс-жақыннан келген қонақтар мен мұнайшы-ардагерлерге мерекелік дастархан жайылды.

Бір жұмаға созылған мерекесі Жетібай мұнайшыларының көз мерекелік тойлауымен қортықыланды.

Қаракия ауданына қарасты мұнай кен орында еңбектенетін «Жетібай мұнайгаз» ӨБ мұнайшылары «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ-ның 50 жылдық мерейтойы мен Наурыз мейрамын қуанышты жүзбен, көтеріңкі көңілмен қарсы алды.

«Қара алтын» игерушілеріне Наурыз мерекесін сыйлау үшін апақ киіз үйлер тігіліп, ұлттық наурыз көже құйылып, қазан асылды. Балдырғандар алтыбақанда тербеліп, спортшылар қазақша күреске түсті. Ұлыстың ұлы күні бір шаңырақ астына жиналған барлық мұнайшылар той қызығына батып, бір-бірін құттықтап жатыр. Мұнай саласында бірталай жылдар маңдай терін төккен ардагерлер де салтанатты тойда қауышып, жарқылдасып жүзлесуде.

Осындай әсерлі де әсем мерекесі Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театрының әртістері даярлаған концерттік бағдарламамен ашылды. Қонақтар алдына бөтешар, сөбидің атын қою, сөбиді бесікке бөлеу секілді ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін көріністер ұсынылып, Наурыз туралы ән-жырлар төгілді. Өз-Наурыз мерекесімен құттықтау үшін сахнаға «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ басшылары шығып, жүрекжарды тілектерімен бөлісті:

– Құрметті Жетібай тұрғындары! Құрметті мұнайшылар! Сіздерді «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ-ның 50 жылдық мерейтойымен, қазақтың төл мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт тілеймін! Кәсіпорнның жеткен табыстары мұнайшылардың зор еңбектері арқылы келді. Осы сәтті пайдаланып, Жетібай мұнайшыларына, Қаракия әкімшілігіне шексіз алғысымды білдіремін. Кеше

облыс әкімімен кездесу барысында кәсіпорнның келешекте тек мұнай өндірумен ғана шұғылданбайтынын айттым. Біздің мекеме алдағы уақытта мұнайлы өлкеде әлеуметтік нысандарды жақсартуға, тұрғызуға ат салысатын болады. Сондай-ақ, Қаракия әкімдігімен бірлесіп, осы ауданның халқын жұмысқа тарту мәселесін шешуді жоспарға қойдық,-деді «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ бас директоры Сунь Синьюнь.

Ал «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Алтайұлы өз құттықтау сөзінде Жетібай кен орынын Маңғыстау өлкесіндегі мұнайдың ең маңызды қара шаңырағы деп атап өтті:

«Маңғыстау мұнайының тарихы біздің қасиетті жерімізден алған мұнай фонтаны атқалаған 1961 жылдан бастау алды – Жетібай кенорнынан атқалаған фонтан – еліміздегі жаңа ірі мұнай бар ауданның пайда болуын айтылды. Екі жыл өткен соң 1963 жылы 7 күркүйекте №53-12 Халық Шаруашылығы Жоғары Кеңесінің (ХИЖК) КСРО және Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1963 жылы 5 қарашадағы сондай-ақ, Батыс-Қазақстандық Совнархозының 1963 жылы 27 қарашадағы Қаулыларымен Мемлекеттік «Маңғыштау мұнайгаз» Өндірістік Бірлестігі құрылды. Қазақстан Республикасы мұнайгаз өндірісіндегі флагмандардың бірі құрылған бергі жарты ғасырлық мерейтойі ең алдында, Маңғыстау облысы жұртшылығының алдында біздің Компаниямызға үлкен жауапкершілік жүктелді».

Мұнайшыларға Қаракия ауданының әкімі Әділбек Дауылбаев, мұнай саласында 44 жыл қызмет еткен ардагер-мұнайшы Мұратбай Жәксығатова ақ тілектерін жаудырды. «Маңғыстау мұнайгаз» акционерлік қоғамының 50 жылдығы құрметіне байланысты және Адам еңбектері үшін «Жетібай мұнайгаз» ӨБ қызметкерлері құрмет грамотасымен және арнайы төбелестермен марапатталды. Бұндай құрметке лайық болған 30-ға жуық адам еңбектерінен елеген үшін риза болып, мерейлері тасыды.

«Қазіргі таңда «Жетібай мұнайгаз» өндірістік басқармасында 1000-нан астам қызметкер жұмыс істейді. Басқарма жылына 1 миллион 500 мың тоннадан артық «қара алтын» өндіреді. Мекеме басшысының сөзінше, өткен жылы жылдық жоспар артығымен орындалған. «Быыл «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ 50 жылдық тойы Наурыз мерекесімен тұспа тұс келді. 50 жыл деген жаңа санның артында көптеген адамдардың маңдай тері, зор еңбегі тұр. 50 жыл деген мұнай байлығын шалқытқан мекеме үшін ұзақ жол, үлкен кезең болды. Осы жылдарда кәсіпорнның жабықтықтары жаңарып, тәжірибесі молаіып, биік белестерді бағындырды. Ардагер мұнайшылардың сара жолын енді біз жалғастырамыз. Бұл біздің мойнымызға жүктелген аманат. Қазіргі таңда Жетібайда мұнай өндіру қарқынды дамып келе жатыр. Былтырғы жылы жоспарды 110 мың тоннаға артық орындадық. Соңғы екі айда да жоспар артығымен игерілуде. Былтырғы жылы жоспар бойынша 1 миллион 930 мың 800 тонна мұнай өндіреміз деп отырмыз»,-деді «Жетібай мұнайгаз» ӨБ басшысы Болат Сейтаманбетов.

Мұнайшылардың дүбірлеткен көз мерекесі маржан әндермен, көркем жырлармен жалғаса берді. Бұл күні қарбаласқа үйренген қызметкерлер үшін ерекше мейрам болды.





БОЗАШЫ ДЕГЕН БОЗ ІНГЕН,

БОТАСЫН ІЗДЕП БОЗДАҒАН.

1979 жылдың 2 наурызында «Маңғыстауақнефть» өндірістік бірлестігінің «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылды (бастығы **Б.Ізмұратов**, бас инженері **В.Д. Будников**, бас геологы **А.Н. Мищенко**). Оның құрамына Қаламқас кенорынын бірге Қаражанбас кенорына да кірген болатын. Бекболат 1941 жылы Фортта туған, осындағы С.Киров атындағы орта мектепті бітірген. Мектепте оқыл жүзгенде «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресті ұйымдастырған «дизелист-моторист» мамандығы бойынша курсты бітірген соң трестің геологиялық-іздікестіру конторына (бастығы Қамысбай Мырзаалиев) жұмысқа орналасты. 1960 жылы маңғыстаулық жастардың алғашқыларының бірі болып, өз бетімен Алматы қаласындағы ҚазПИ-да сол жылы ашылған тау-кен факультетінің «мұнай және газ кенорындарын жаратқандыру мен пайдалану» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны бітірген соң Өзен мұнай кәсіпшілігіне мұнайгаз өндіру операторы болып орналасты, кейін шебер, учаске бастығы, өндірістік қамту базасы бастығының орынбасары, РИТС, ЦИТС бастықтары болады. Бірлестік әкімшілігі тәжірибесі мол **Б.Ізмұратовты** жаңадан ашылған «Комсомольскнефть» мұнайгаз өндіру басқармасына бастық етіп жібереді. Ол мұнда 1982 жылға дейін еңбек етті.

1993 жылғы наурыз айынан «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы болып аталады.

1973 жылы құрылған жаңа Маңғыстау облысының қарқынды экономикалық дамуын тездетіп, өлкеміздің өсіп-өркендеуіне Бозашы мұнайын ашу және игеру орасан зор серпін берді. Өткен ғасырдың сенсепсіз жекпеларының басында құрамында «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» басқармалары да бар «Маңғыстауақнефть» өндірістік бірлестігі Қазақстан мұнайының 80-90 пайызын беріп тұрған еді. Сол жылдары «Комсомольскнефть» басқармасы **Владимир Иванович Кондаков**, **Дмитрий Горюнов**, **Ляззат Кететбайұлы Қинов** тәрізді өндірісте шыңдалған, өз істерін жетік білетін басы-ұйымдастырушылар басқарды. Бұлардан кейін басқарма бастықтары **Өрен Сағандықов**, **Қосай Жұбаниязов** болды. Қазіргі бастықтары қазақ жасынан **Нурпейіс Мизамбайұлы Сарсенбай**, қытай тарапынан **Цзун Шоуго**.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік бірлестігі өткен 2013 жылғы 4 миллион 217 мың тонна «қара алтын» өндірі. Кенорынан бүгінге дейін 138 миллион тонна мұнай алынды.

БОЗАШЫ ПОЛИГОН БОЛДЫ

